

қорының (бұдан әрі - Қор) қызметін реттейтін басқа да нормативтік құқықтық кесімдерді басшылыққа ала отырып, мына төмендегілер туралы осы Қосымша келісімді ж а с а с т ы .

"Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шарт туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 18 мамырдағы N 655 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1.1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1. Үкімет Банкке сенімгерлік басқаруға Қорды береді, ал Банк Қордың қаржылық активтерін инвестициялау жолымен Үкіметтің мүддесі үшін Қорды сенімгерлік басқаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Қорды басқарудың тиімділігін бағалау Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық операцияларын жүзеге асыру ережесінде белгіленген шектеулерді сақтау кезінде белгілі бір уақыт кезеңіндегі Қор портфельдерінің үстеме кірістілігі болып табылады. Үстеме кірістілік іс жүзіндегі кірістілік пен Қордың эталондық портфелінің кірістілігі арасындағы айырма ретінде анықталады.";

2) 2.1.3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.3. Есепті тоқсанның әрбір айының соңында Банктің дербес басқаруындағы Қор портфельдерінің орташа арифметикалық рыноктік құнының жылдық 0,06% мөлшерінде Қорды сенімгерлік басқарғаны үшін тоқсан сайын комиссиялық сыйақы алуға және осы Шарттың ережелеріне сәйкес осы Шарт бойынша олар өз міндеттемелерін орындау процесінде шеккен шығыстарды өтеуге.";

3) мынадай мазмұндағы 2.1.4-тармақпен толықтырылсын:

"2.1.4. Қорды дербес басқару нәтижелеріне байланысты жыл қорытындылары бойынша алынған оң үстеме кірістің 10%-ына тең, бірақ Банктің дербес басқаруындағы Қордың орташа жылдық рыноктік құнының 0,02%-ынан аспайтын комиссиялық сыйақы алуға. Үстеме кіріс есепті жылдың әрбір айының соңында Банктің дербес басқаруындағы портфельдердің орташа арифметикалық рыноктік құнына көбейтілген іс жүзіндегі кірістілік пен Қордың эталондық портфелінің кірістілігі арасындағы айырма ретінде анықталады .

Қордың теріс үстеме кірістілігін алған жағдайда, Банк алынған теріс үстеме кірістің 10%-ына тең, бірақ Банктің дербес басқаруындағы Қордың орташа рыноктік құнының 0,01%-ынан аспайтын соманы Үкіметке өтейді.";

4) 2.2.2-тармақтағы "Қордың" деген сөздің алдынан "Сыртқы басқарушылармен және кастодиандармен жасалған шарттардың көшірмелерін бере отырып," деген сөздермен толықтырылсын;"

5) 2.2.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.2.4. Үкіметке қағаз және электрондық тасығышта есепті кезеңнен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде кейіннен есепті кезеңнен кейінгі 50 күнтізбелік күннен

кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы тоқсан сайынғы және жылдық есептерді бере отырып, есепті кезеңнің соңғы күніне Қордың рыноктік құны, Қормен жасалған операциялар бойынша кірістілік, есепті кезеңде алынған кіріс мөлшері, есепті кезеңнің соңында Қор портфелінің құрамы, пайыз ставкаларының өзгеру қаупінің ағымдағы мәні (Ұлттық Банк Басқармасының мүшелеріне қарауға берілген) туралы ақпараты бар Қорды сенімгерлік басқару нәтижелері туралы жедел тоқсан сайынғы және жылдық есептерді беруге;"

*Банктің атынан
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
Қаржы министрі*

*Қазақстан Республикасы
Үкіметінің атынан
Қазақстан Республикасының*